

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 237 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауа райының өзгеруі туралы Бас Конвенциясына Киот хаттамасын Қазақстан Республикасының бекітуі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауа райының өзгеруі туралы Бас Конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 590 қаулысы ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 590 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 маусымдағы N 831 қаулысы ;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 17 сәуірдегі N 590 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 маусымдағы N 640 қаулысы .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі